

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 15 шілдедегі N 58 өкіміне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті өкімінің жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 14 қаңтардағы N 10 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 15 шілдедегі N 58 өкіміне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті өкімінің жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Президенті

**ӨКІМ Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы
15 шілдедегі N 58 өкіміне өзгерістер енгізу туралы**

"Мемлекеттік рәміздер жөніндегі республикалық комиссияның құрамын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 15 шілдедегі N 58 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., N 23, 282-құжат; 2002 ж., N 42, 415-құжат; 2003 ж., N 35, 347-құжат; 2004 ж., N 21, 266-құжат; 2005 ж., N 22, 267-құжат; 2007 ж., N 9, 100-құжат; N 24, 268-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген Мемлекеттік рәміздер жөніндегі республикалық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Досқалиев	- Қазақстан Республикасы Парламентінің
Жақсылық Досқалиұлы	Мәжілісі Әлеуметтік-мәдени даму
	комитетінің төрағасы

(келісім бойынша)

Қасымов	- Қазақстан Республикасының
Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы	Ішкі істер вице-министрі
Советский	- Қазақстан Республикасы Индустрия
Вячеслав Крестьянович	және сауда министрлігінің жауапты
хатшысы	

Дияров	- "Қазақпарат" ұлттық компаниясы"
Дәурен Кеңесұлы	акционерлік қоғамының президенті

(келісім бойынша)

"Сұлтанов	- Қазақстан Республикасы Парламенті
Қуаныш Сұлтанұлы	Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму

жөніндегі комитетінің төрағасы

(келісім бойынша)

Бабақұмаров

- Қазақстан Республикасы Мәдениет

Ержан Жалбақұлы

және ақпарат вице-министрі, хатшы"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Сұлтанов

- Қазақстан Республикасы Парламентінің

Қуаныш Сұлтанұлы

Сенаты Халықаралық қатынастар,

қорғаныс және қауіпсіздік

комитетінің төрағасы

(келісім бойынша)

Бабақұмаров

- Қазақстан Республикасы Мәдениет

Ержан Жалбақұлы

және ақпарат министрлігінің жауапты

хатшысы, хатшы";

көрсетілген Комиссия құрамынан З.Ж.Қадырова, Ж.С.Омаров, А.Б.Баталов,
Қ.Б.Өскімбаев шығарылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті